

## **1. Жалпы ережелер**

**1.1. «Visa және Magnum шығарған электрокар»** атты ынталандыру Шарасы (Акция) (бұдан әрі – **Акция**) сатылымдарды ынталандыру, MAGNUM және VISA брендтеріне бейілділікті арттыру аясында өткізіледі, оларға назар аударуға, оларға деген қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және оларды нарықта ілгерілетуге бағытталады.

**1.2.** Шара (Акция) Magnum-ның барлық сауда кешендерінде өткізіледі.

**1.3.** Шара (Акция) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес ынталандырушы лотерея, бәс тігу, тотализатор, құмар ойыны немесе тәуекелге негізделген басқа ойын болып табылмайды.

**1.4.** Шараны (Акцияны) Ұйымдастырушы жарнамалық сипаттағы ынталандыру шарасы үшін белгіленген ережелер бойынша өткізеді, осы Шараға (Акцияға) қатысу туралы ұсыныс осы Ережелердің талаптарын орындаған адамдардың шектеусіз тобына арналған.

**1.5.** Шара (Акция) туралы хабарландыру Интернет желісінде <http://www.magnum.kz/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылады, онда осы Шара (Акция) туралы ақпаратпен, осы Ережелермен, Шараға (Акцияға) қатысатын Серіктестер тауарларының тізімімен танысуға болады: <http://www.magnum.kz/>.

**1.6.** Шараға (Акцияға) қатысқысы келетін адамдар (бұдан әрі – «Қатысушылар») осы Ережелерде белгіленген тәртіпте, талаптарда, орында және мерзімде Шараға (Акцияға) қатысумен байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті. Шараға (Акцияға) қатысу Қатысушылардың осы Ережелермен толық келісетіндігін меңзейді.

**1.7.** Шараға (Акцияға) тек ҚР азаматтары болып табылатын және ҚР аумағында тұратын, 18 (он сегіз) жасқа толған әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – **Magnum Club бейілділік картасының тіркелген пайдаланушылары, сондай-ақ Magnum дүкендерінде Visa байланыстырылған картасымен тауарлардың ақысын жанасусыз төлейтін Apple Pay, Google Pay немесе Samsung Pay қолданбасын пайдаланушылар** қатыса алады.

## **2. Шара Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер**

**2.1.** Шара (Акция) Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға (бұған дейін және бұдан әрі — «**Ұйымдастырушы**») болып табылады:

**2.1.1.** Атауы: «**Magnum Cash&Carry**» ЖШС.

**2.1.2.** Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Астана шағын ауданы, 1/10

**2.1.3.** Пошталық мекенжайы: Алматы қаласы, Астана шағынауданы, 1/10

**2.1.4.** БСН 081040004326

## **3. Шараның (Акцияның) өткізілу мерзімі**

**3.1.** Шараның (Акцияның) басталуы: **28.09.2023 ж. 9:00 (Астана қ. уақыты бойынша)**

**3.2.** Шараның (Акцияның) аяқталуы: **15.12.2023 ж. 23:59 (Астана қ. уақыты бойынша)**

## **4. Жүлде қоры:**

- iPhone 14 Pro - 4 дана
- MacBook Pro 14 2 дана
- Zeekr X электромобиль-кроссовері 1 дана

## **5. Шараға (Акцияға) қатысу тәртібі**

**5.1.** Шара (Акция) Қатысушысы болу және жүлде қорының ұтыс ойынына қатысу үшін осы Ережелердің 3-тармағында қарастырылған кезеңде мына әрекеттерді орындау қажет:

**5.1.1.** Magnum.kz және/немесе Visa.com.kz сайтында Шараны (Акцияны) өткізу ережелерімен танысу. Деректердің өзектілігін және Magnum Club бейілділік бағдарламасында тіркелуін тексеру.

- «Magnum Club» бейілділік бағдарламасының тіркелген қатысушысы болу;
- 8 000 теңгеден басталатын және одан жоғары сомаға сауда жасау;
- Сауда жасау кезінде «Magnum Club» картасын көрсету;

- 8 000 теңгеден басталатын және одан жоғары сомаға сауда жасап, ақысын төлеу кезінде Visa байланыстырылған картасымен тауарлардың ақысын жанасусыз төлейтін Apple Pay, Google Pay немесе Samsung Pay қолданбасын пайдалану.

**5.1.2.** Акция емшек сүтін алмастырғышқа (балалардың сүт қоспасы), темекіге, темекі өнімдеріне, соның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдерге, қорқорға арналған темекіге, қорқор қоспасына, темекі қыздыруға арналған жүйелерге, тұтынудың электронды жүйелеріне және оларға арналған сұйықтықтарға, алкогольді және әлсіз алкогольді өнімдерге қолданылмайды.

**5.2.** Қатысушы осы Ережелердің 5.1-тармағында аталған әрекеттерді орындаған жағдайда, Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасында шарт жасалған болып есептеледі, ал мұндай тұлға Шара (Акция) Қатысушысы болып танылады.

**5.3.** Ұйымдастырушы мына адамдарды Қатысушылар қатарынан шығаруға құқылы:

**5.3.1.** осы Ережелердің 5.1-тармағында қарастырылған әрекеттерді осы Ережелердің 3-тармағында белгіленген мерзімді бұза отырып орындаған адамдарды;

**5.3.2.** осы Ережелердің басқа да талаптарын бұзған адамдарды.

**5.4.** Аталмыш талаптарды орындаған Қатысушылар **автоматты түрде** Шараға (Акцияға) қатысады.

## **6. Шара (Акция) Жеңімпаздарын анықтау тәртібі**

**6.1.** Жұлде қорының Жеңімпаздарын анықтау Компанияның Instagram-дағы ресми аккаунтында, онлайн режимде, жасалған транзакциялардың нөмірлері бойынша сандарды электронды генерациялау (рандомды түрде) арқылы кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізіледі. Бірден Жеңімпаздың аты-жөні мен телефон нөмірінің соңғы 4 санын айтып, бастапқы сәйкестендіру жүргізіледі.

**6.2.** Акция Жеңімпаздары атанған Қатысушылар осы Акция бойынша келесі ұтыс ойындарына қатыспайды.

**6.3.** Ұтыс ойындарының өткізілетін күндері:

<b>Ұтыс ойынының өткізілетін күні</b>	<b>Ұтыс кезеңі</b>	<b>Жұлде қоры</b>
08.11	28.09 - 07.11	<ul style="list-style-type: none"> <li>• iPhone 14 Pro - 4 дана</li> <li>• MacBook Pro 14 2 дана</li> </ul>
21.12	28.09 – 15.12	Zeekr X электромобиль-кроссовері 1 дана

*\*Ұйымдастырушы ұтыс ойынының өтетін күндерін өзгертуге құқылы.*

**6.4.** Ұтыс ойынының нақты өту уақыты мен күні инстаграм әлеуметтік желісіндегі magnum.kz ресми парақшасында жарияланады.

**6.5.** Шара (Акция) Жеңімпаздары анықталғаннан кейін ұтысқа ие болған Шара (Акция) Қатысушысын қоңырау шалу арқылы хабардар ету жүзеге асырылады. Шара (Акция) Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс болған жағдайда немесе Шара (Акция) Жеңімпазы 48 сағат ішінде қоңырауға жауап бермеген жағдайда, немесе Шара (Акция) Ұйымдастырушысына байланысты емес техникалық сипаттағы кез келген басқа себептер бойынша Жеңімпаз өзінің ұтысты иелену мүмкіндігінен айырылады, бұл ретте Шара (Акция) Ұйымдастырушысының шешімімен келіспеу мүмкіндігі болмайды. 48 сағат өткен соң осыған ұқсас тәсілмен қосымша Ұтыс ойыны өткізіледі.

**6.6.** Шара (Акция) Ұйымдастырушысы Шараның (Акцияның) өткізілуі, Шараның (Акцияның) сыйлық қоры тұрғысынан осы Ережелерді өзгертуге, Шараның (Акцияның) өткізілуінде үзіліс жариялауға, Шараның (Акцияның) мерзімін қысқартуға және/немесе өзгертуге құқылы.

**6.7.** Шараның (Акцияның) ережелері өзгерген немесе күші жойылған жағдайда, бұл туралы ақпаратты Ұйымдастырушы <http://www.magnum.kz/> сайтында орналастырады.

**6.8.** Қажет болған жағдайда, Ұйымдастырушы Шараның (Акцияның) өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және/немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқылы, Шараның (Акцияның) өткізілуін осылай мерзімінен бұрын тоқтатқан және/немесе тоқтата тұрған жағдайда, бұл туралы ақпаратты Ұйымдастырушы сайтта орналастырады.

**6.8.** Негізгі Жеңімпаздар анықталғаннан кейін Шара (Акция) Ұйымдастырушысы жүлдеден үміткер Акция талаптарын бұзған жағдайда Жеңімпазды ауыстыру мүмкіндігі болуы үшін 10 (он) резервтік (баламалы) Жеңімпазды анықтайды. Алайда Шара (Акция) Ұйымдастырушысы осындай резервтік (баламалы) Жеңімпаздар тізіміне енген Қатысушылардың аты-жөндерін жариялауға міндетті емес. Ұтыс ойынының нәтижелері бойынша Акция Жеңімпаздарын анықтауға қатысқан Комиссия мүшелері ұтыс ойынының хаттамасына қолдарын қояды.

**6.9.** Жеңімпаз тек бір Жұлдені ұтып алуға құқылы.

## **7. Қосымша талаптар**

7.1. Қатысушының Шараға (Акцияға) қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысқандығын және осы Ережелерге сәйкес Шараға (Акцияға) қатысуға келісетіндігін білдіреді.

7.2. Ұйымдастырушы Шараға (Акцияға) қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздер жүргізбейді немесе басқалай байланысқа түспейді.

7.3. Ұйымдастырушы, сондай-ақ Ұйымдастырушы Шараны (Акцияны) ұйымдастыруға және өткізуге уәкілеттік берген тұлғалар мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

Табиғи апат, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, заңнамадағы елеулі өзгерістер, Ұйымдастырушы тарапынан бақылауға көнбейтін басқа да жағдайлар міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін болса, осындай форс-мажор жағдайларында міндеттемелерінің орындалмауы;

7.4. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер тек осы Шараға (Акцияға) ғана қатысты болады.

7.5. Ұйымдастырушының жұмыскерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалар, сондай-ақ аталмыш тұлғалардың туған-туыстары мен отбасы мүшелері жүлде қорының Ұтыс ойынына қатысуға құқылы болмайды.

7.6. Осы Шараның (Акцияның) өткізілуі аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы шешулері тиіс. Жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарт бойынша соттылық). Қатысушылар Шараға (Акцияға) қатысу арқылы шарт бойынша соттылыққа келісетіндіктерін білдіреді.

7.7. Шараға (Акцияға) қатысу арқылы Қатысушы өзінің дербес деректерін Ұйымдастырушының өңдеуіне, сондай-ақ дербес деректерінің Шараны (Акцияны) тікелей жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға берілуіне, соның ішінде деректердің трансшекаралық берілуіне келісімін береді.

7.8. Осы Ережелерде көрсетілген Шара (Акция) жүлделері Ұйымдастырушы Қатысушыларға оның өткізілуі туралы хабарлау үшін жарнамалық-ақпараттық материалдарда пайдаланған осы Жұлделердің кез келген фотосуреттерінен немесе графикалық суреттерінен өзгеше болуы мүмкін. Шара (Акция) Жұлделерінің үлгісін, жиынтықталымын, түсін және басқа да параметрлері мен сипаттамаларын Ұйымдастырушы өз қарап шешуі бойынша анықтайды және олар Қатысушылардың күткенімен сәйкес келмеуі мүмкін.

7.9. Жұлде айырбасталмайды немесе ауыстырылмайды.

7.10. Жұлдеден бас тартқан жағдайда, Ұйымдастырушы ұтыс ойынын қайта өткізуге және резервтік тізімнен Жеңімпазды анықтауға құқылы.

7.11. Белгіленген Жұлделердің орнына ақшалай өтемақы берілмейді.

7.12. Осы Шараның (Акцияның) өткізілуі аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы шешулері тиіс. Жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарт бойынша соттылық). Қатысушылар Шараға (Акцияға) қатысу арқылы шарт бойынша соттылыққа келісетіндіктерін білдіреді.

7.13. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамау осы Шарт жасалғаннан кейін және Тараптардың ерік-жігерінен тыс орын алған төтенше сипаттағы

еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері салдарынан болған жағдайда, Ұйымдастырушы бұл үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары дегенде карантин, шекараның жабылуы, соғыстар және әскери іс-қимылдар, көтерілістер, індет, өрт, жарылыстар, жер сілкіністері, су тасқындары, жазатайым оқиғалар және табиғат күштерінің басқа да әсерлері, Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының міндеттемелердің орындалуына әсер ететін актілері мен заңнамалық актілері, сондай-ақ Ұйымдастырушының ерік-жігері мен бақылау мүмкіндігінен тыс басқа да мән-жайлар меңзеледі. Кез келген құжаттық растаулар, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе басқа да құзыретті мемлекеттік органдарының қорытындылары еңсерілмейтін күш жағдайларының орын алғандығына дәлел бола алады.

## **8. Жұлделерді беру тәртібі**

8.1. Акция Жеңімпазы беру кезінде келесі жеке/дербес мәліметтерді/құжаттарды ұсынуға міндеттенеді:

- Жеңімпаздың аты-жөні;
- Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі (түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні, берген органның атауы);
- осы Ережелерге немесе ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Жеңімпаздың Жұлдені алуы үшін қажет болатын басқа ақпарат/құжаттар.

8.2. Шара (Акция) Жұлдесінің Жеңімпазы сұралған материалдар мен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Материалдардың болмауы туралы актіге қол қойылады. Бұл жағдайда ол Шара (Акция) Жеңімпазы мәртебесін жоғалтады және құқық аталмыш факт анықталған күннен бастап 1 (бір) күн ішінде резервтік Жеңімпаздар тізімінде бірінші болып тұрған қосалқы Жеңімпазға өтеді.

8.3. Қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Жеңімпаздардың сәйкестігі тексеріледі.

8.4. Осы ережелердің тармақтарын кез келген бұзушылық және оларға сәйкессіздік Ұйымдастырушыға Жеңімпазбен жасалған шарттың күшін жоюға құқық береді.

8.5. Ұйымдастырушының Жұлде қорының сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілер (жеткізушілер) ұсынған кепілдіктермен шектеледі. Саяхаттың сапасына қатысты кінәрат-талаптар осы Қызметтерді өндірушілерге (жеткізушілерге) тікелей қойылуы тиіс.

8.6. 5 АЕК-нен асатын Жұлдені алу кезінде Жеңімпаз Акция Ұйымдастырушысына жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесін ұсынып, Жеңімпаз Шартына қол қоюға, сондай-ақ жұлдені табыстаудың фото/бейнеесепін жүргізуге құқық беруге міндеттенеді.

Жұлдені Жеңімпазға Акция Ұйымдастырушысы табыстайды. Акция Ұйымдастырушысы уәкілеттік берген тұлғаның Жұлдені беру фактісі Акция Жеңімпазына Жұлдені берумен және қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюмен расталады.

## **9. Салықтар туралы ақпарат**

9.1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 351-бабына сәйкес, Жұлделер төлем көзінен салық салынатын кірістерге жатады. Осы кіріс түрі (ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығын) Қатысушыға – Шара (Акция) Жеңімпазына Шара (Акция) Жұлделерін беруді тікелей қамтамасыз ететін салық агенті – Шара (Акция) Ұйымдастырушысы есептейді және ұстап қалады.